



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы 3 желтоқсан

Астана қаласы

№ 1519

город Астана

**Білім беру ұйымдарында тексеру
жүргізудің 2014 жылдың бірінші
жарты жылдығына арналған
жоспарын бекіту туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабына, «Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13 және 16-баптарына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған білім беру ұйымдарында тексеру жүргізудің 2014 жылдың бірінші жарты жылдығына арналған Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің жоспары және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім саласындағы бақылау департаменттерінің жиынтық жоспары бекітілсін (бұдан әрі - тексеру жоспары).

2. Білім саласындағы бақылау басқармасы (Ж.Мүсірова) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне жіберсін.

3. Білім саласындағы бақылау басқармасы (Ж.Мүсірова), аумақтық органдардың қызметін үйлестіру басқармасы (С.Қабимолдаева) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім саласындағы бақылау департаменттерінің тексеру жоспарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасының орынбасары Т.Әбілмәжіновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Төраға



3.Оразалиева

0001939

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

КІРІС
2014 ж. 08.02 № 104